

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
13.11.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 13.11.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет.

Құрметті Гүлмира Истайбекқызы! Құрметті әріптестер! «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2019 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауын орындау үшін әзірленді. Және ол сақтандыру қағидаттары, әлеуметтік әділдіктің сақталуы ескеріле отырып міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамытуға, еңбек өтілі мен төлем мөлшерлері арасындағы өзара байланысты күшейтуге, халықты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуға ынталандыру шараларын қалыптастыруға бағытталады.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар:

әлеуметтік төлемді алушы еңбек немесе кәсіпкерлік қызметті қайта бастаған жағдайда, сол кезеңде бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша берілетін әлеуметтік төлемдерді азайтуға жол бермеуге;

жұмыс берушілерден өндіріп алынған берешек қаражатының міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тиісті жеке шоттарына есептелуін қамтамасыз етуге;

заң жобасы нормаларының күшіне енуі кезеңінде барлық қолданыстағы ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу кезінде әділдік қағидаттарын қамтамасыз етуге;

бірыңғай жиынтық төлем төлеушілерді мемлекеттік қолдау шараларын азаматтардың өз әлеуметтік төлемдерін әдейі көбейтуі үшін пайдалану жағдайларына жол бермеуге бағытталған түзетулер енгізді.

Сондай-ақ әртүрлі түсінуді жоятын және заң жобасын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, заң техникасының

қағидаларына сәйкес келтіруге бағытталған редакциялық және нақтылаушы сипаттағы бірқатар түзетулер енгізілді.

Комитет мемлекеттік органдардың, қорлардың, үкіметтік емес ұйымдардың, Парламент құрамына кірмеген саяси партиялардың өкілдерін қатыстыра отырып, заң жобасының таныстырылымын, комитеттің екі кеңейтілген және жұмыс тобының 14 отырысын өткізді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындысын берді. Салыстырма кесте қабылданған 65 позициядан тұрады.

Осы айтылғандарды ескере отырып, заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Айгүл Қабдешқызы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?


ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

 Дүрсіз! Құжаттанмен қамтамасыз
сәуірдің 10-ші сектор мәжілісіндегі
май Н. Шайтанбаев